

2020 жылғы 25 маусымдағы
Риддер аграрлық техникалық колледжі
Қорғаншылық кеңесі отырысының
№3 хаттамасы

Өткізілген орны: Колледж кітапханасының оқу залы

Өткізілген уақыты: 13-00

Қатысқандар – 10 адам

Қатыспағандар – 1 адам

Күн тәртібі:

1. Колледждің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты туралы ақпарат (Останина Т.В.)
2. Жаңа мамандықтар ашу туралы мәселені қарастыру (Асқаров С.А.)
3. Колледждің оқу жылына дайындығы, ағымдық және күрделі жөндеулерді жоспарлау туралы ақпарат (Тегисжанов Р.М.)
4. 2020-2021 оқу жылына сметаны және штаттық кестені қарастыру (Корчагина М., Асқаров С.А.)
5. Әртүрлі сұрақтар. Оқу бағасын өсіру, жаңа оқу жылына талапкерлерді қабылдауды іске асыру.

Тыңдалды:

1. Қорғаншылық кеңесінің төрағасы Коломоец Николай Иванович. Ол қатысып отырғандарды отырыс тәртібімен таныстырды. Отырыс қарсаңында келуге уәде берген Қорғаншылық кеңесінің мүшесі О. Таранцеваның отырыста болмау себебін анықтады. Белгілі себептерге байланысты қатыспаған. Осы құрамда кеңес жүргізу ұсынылды. Төраға кеңесте сөз сөйлейтіндерді таныстырды.

2. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Останина Т.В. тыңдалды. Ол колледждің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты туралы айтты. Ол колледжде осы бағдарламаны іске асыру үшін директордың 2019 жылғы 2 қыркүйектегі №162 бұйрығымен құрамында бес адам бар комиссия құрылғандығын атап өтті. Комиссия жоспар бойынша жұмыс істейді. Осы тақырып бойынша сынып сағаттары өткізіледі, сыбайлас жемқорлыққа қарсы ақпарат ата-аналар жиналысында жеткізіледі және колледж сайты мен әлеуметтік желілерге салынады. Педагогикалық кеңес пен колледж ұжымының жиналыстарында құқықтық жалпыға міндетті оқулар өткізіледі. Студенттердің көп жүретін орындарында сенім телефондарының нөмірлері бар сенім жәшіктері орнатылған. Айына бір рет жәшік колледж әкімшілігімен тексеріледі, алу хаттамасы жасалады. Жыл ағымында құқық қорғау органдарының өкілдерімен кездесулер өткізіледі. Колледж «Саналы ұрпақ» ЖО ашу бойынша бағдарламаны жүзеге асырады. Қазіргі күні клуб құрамында он студент бар. Осы жобаның аясында «Адалдық дүкені» ашылған. Кеңсе жұмысының аясында әртүрлі он іс-шара өткізілді.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету электронды портал арқылы тегін жүргізіледі. Қалаулары бойынша студенттер жатақханамен қамтамасыз етіледі.

Сөз сөйлегендер:

Беляев О.А. Ол «Сенім жәшігінің» жұмыс істеуін ұсынды, Яғни, студенттер өздерінің өтініштері үшін қорықпауы тиіс, колледж әкімшілігінің олардың өтініштерін қадағалап және мәселелерді шешетіндігін анық білуі тиіс.

Асқаров С.А. Колледж директоры оқу орнында жылына екі рет әкімшілік колледждің білім алушыларымен кездесу өткізетіндігін атап өтті, онда студенттер кезкелген келелі мәселені көтере алады және әртүрлі өтініштерін айта алады.

3. Екінші сұрақ бойынша колледж директоры Асқаров С.А. баяндама жасады. Колледж Білім басқармасының деңгейінде жаңа мамандықтарды ашу туралы мәселені қарастырды. Қалада әйелдерге арналған мамандықтарды дайындайтын оқу орындары жоқ. Алайда, бізге оқу орнының бейіні әйелдерге арналған мамандықтарды ашуға мүмкіндік бермейтіндігін айтты. Коммерциялық негізде 9 сынып базасында «Есептеу техникасы» мамандығын ашуға өтінімдер берілді. Лицензия алынды. Талапкерлерді екі рет қабылдау жүргізілді. Осы мамандық бойынша жұмысқа орналасу 50 пайызды құрағанда ғана мемлекеттік тапсырыс беріледі. Ағаш құлатушы, сүзуші, аппаратшы-гидрометаллург, барлық атаулар аппаратшысы жұмысшы кәсіптеріне лицензиялар алынды. Химиялық талдау зертханашысы, спектрлік талдау зертханашысы, түсті металлургия өнімінің бақылаушысы жұмысшы біліктіліктеріне лицензиялар алу жоспарланған. Біздің аймақта жоғары сұранысқа ие «Орман шаруашылығы, саябақты және ландшафтты құрылыс» мамандығы бойынша сырттай оқу түріне БМ бұйрығы бойынша рұқсат берілмеген. Колледж жаңа мамандықты ашуға рұқсат беру туралы қолдау жазды және орман шаруашылығы үшін «Эколог» кәсібін лицензиялауға құжаттар жинау басталды. Қолда бар деректер бойынша бұл мамандыққа сұраныс бар. Алайда, пандемияға байланысты, бұл үдеріс тоқтатылды.

Сөз сөйлегендер:

Орсаринов К.А. Колледжде мүмкіндіктер диапазоны кең болатын экологты дайындауға бола ма, себебі орман шаруашылығында бұл кәсіп сұранысқа ие болмайды. Бізге орман күзетшілері, аса қорғалатын нысандар инспекторлары және т.б. керек. Эколог мұндай міндеттерді орындай алмайды.

Беляев О.А. Сіздер неге құрылысшыларды қабылдамайсыздар? Қазір осы бейін мамандарының қалада үлкен жетіспеушілігі бар. Мысалы экология және ТҮКШ мамандықтарын ашуға болады. Эколог орман шаруашылығының жұмысына сәйкес болуы тиіс.

Асқаров С.А. Колледжге келетін жастар негізінен 0707000 «Тау-кен электромеханикалық жабдықтарға техникалық қызмет көрсету және жөндеу» мамандығына бағдарланған. Қазіргі уақытта облыстық бюджеттен бөлінген 20 бюджеттік орынға 24 өтініш ұсынылған. Алайда 2020 жылғы 1

қыркүйектегі қазақстандық мамандықтар жіктегішінде бұл мамандық жоқ, біз оларды соңғы жыл дайындаймыз.

Беляев О.А. Сіздер неге Казцинкті бұл іске қоспайсыздар, олар бұған мүдделі болуы тиіс, себебі сіздер қаланы құрайтын кәсіпорындар үшін мамандарды даярлайсыздар. Казцинктің оқу комбинаты бастаманы алып кетуі мүмкін. Қазіргі уақытта көптеген кәсіпорындар контракт бойынша өздерінде оқу орталықтарын ашып жатыр, оларда бұған ақша салынған. Бұл жағдайды насихаттап, казцинк өкілдерімен міндетті түрде талқылау қажет, осы мамандықты жіктегішке қосу туралы мәселені негіздеу қажет, өйткені ол қалада сұранысқа ие.

Асқаров С.А. Бұл мамандық мүлдем жоғалып кетпейді, тек түрі ғана өзгереді, жаңа пішінге ие болып, тек басқаша аталатын болады.

4. Тегисжанов Р.М. тыңдалды. Осы жылы бірінші кезекте бас оқу ғимаратының терезелерін ауыстыру міндеті жоспарланған. Бес жыл ағымында бұған ақша бөлінбеген. Бүгінгі күні ағымдық жөндеу бойынша келесі жұмыстар жасалды: акт залы, колледж фойесі, екінші қабат және кітапхана жөнделді. «Жас маман» жобасы бойынша бекітілген сметаға сәйкес төртінші оқу ғимаратының ішін жөндеу жүргізіліп жатыр. Жұмыстарды 60%-ы жасалды: левкас, қабырғалар гипсокартонмен қапталды, жылу батереялары ауыстырылды. Төртінші оқу ғимаратында 1200 м²-ті игеру жоспарланған, 4 оқу бөлмесі және 8 зертхана жөнделді.

Беляев О.А. Тендерге кімдер қатысты, Риддердің ұйымдары неге жоқ? Байқау ашық немесе жабық түрде болды ма? Бөлінетін ақша қалада қалғаны жөн.

Тегисжанов Р.М. Байқау айқын болды. Тендерге 6 ұйым қатысты, Нұр-Сұлтан қаласының өкілдері жеңіске жетті.

5. М. Корчагина тыңдалды. Ол бюджеттен тыс қаражаттарға талдау жасағаннан кейін 2020-2021 оқу жылы коммерциялық топтарда оқу бағасын 20%-ға арттыру қажеттілігі анықталғандығын атап өтті.

Оқу бағасын 10%-ға көтерген жағдайда оқу жылының қорытындысы бойынша тапшылық 5 062 мың теңгені құрады (күндізгі оқу бөліміне 60 адам және сырттай оқу бөліміне 60 адам қабылдаған жағдайда оқу бағасын 20%-ға арттырғанда оқу жылының қорытындысы + 314 мың теңгені құрады).

2. Коммерциялық НҚА 15257 теңгені құрады, сәйкесінше бюджеттен тыс сағаттың бағасы бюджеттік бағадан аз болады.

	Бюджет	Бюджеттен тыс	Оқу бағасын 20%-ға арттырғаннан кейін
Өтіл 0-1	1352	932	1081
Өтіл 25 жылдан жоғары	1631	1125	1305

3 Коммуналдық қызметтерге шығындар орта есеппен 7%-ға жоғарлады. НҚА-ны бюджетпен теңестіру үшін – 17 697 теңге, сонымен қатар шығындарды жабу және еңбекақыны, демалыс төлемдері мен сауықтыру

жәрдемақысын уақытында төлеу үшін 2020-2021 оқу жылы оқу бағасын 20%-ға көтеруді ұсынамын. Оқу бағасы арттырғаннан кейін орта есеппен 215 мың теңгені құрайтын болады.

Бюджеттік топтармен салыстырғанда коммерциялық негіздегі оқу бағасы төмен:

- 2020-2021 оқу жылы бюджеттік оқу бағасы – 816 мың теңге.

Беляев О.А. Оқу бағасын 20%-ға көтеру оқу орнына коммерциялық мамандықтар бойынша талапкерлерді қабылдау келелі мәселеге айналады. Мүмкін, әзірше, оқу бағасын 10%-ға көтеру керек шығар. Мен сіздерді кәсіпкер ретінде түсінемін, алайда, ата-ана ретінде түсінбеймін. Әркімнің әлеуметтік жағдайы әртүрлі және 215 мың теңгені жылына кейбіреулер үшін көтере алатын баға емес. Коммерциялық топтардан мүлдем бас тартса дұрыс бола ма?

Коломоец Н.И. Оқу бағасын 20%-ға көтеру күндізгі оқу бөлімінде студенттердің жиналмауына әкеп соғады. Сырттай оқу бөлімінде студенттер жиналуы мүмкін, себебі онда негізінен төлемге қабілетті студенттер оқиды. Колледжге ойланып, оқу бағасын біртіндеп, тым ауыр болмайтындай көтеру керек шығар.

Қабылданды:


Барлық баяндамаларды тыңдап, Қорғаншылық кеңес колледждің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат бойынша жұмысын қанағаттарлық деп таныды. Оқу орнына 1 қыркүйекке дейін 0707000 «Тау-кен электромеханикалық жабдықтарға техникалық қызмет көрсету және жөндеу» мамандығы бойынша студенттердің жұмысқа орналасуына талдау жасауды, Казцинкпен бірге қаланы құрайтын кәсіпорындар үшін осы мамандық бойынша мамандарды даярлауға егжей-тегжейлі жоспарды әзірлеуді ұсынады. Мамандықтардың мемлекеттік жіктегішіне осы кәсіпті енгізу механизмін әзірлеу.

Күндізгі және сырттай оқу бөлімдерінің коммерциялық топтарында оқу бағасын 10%-ға арттыруды ұсыну.


Жалпы дауыс берумен қабылданды.

Члены Попечительского Совета КГКП «Риддерский аграрно-технический колледж»

1. Коломоец Николай Иванович




2. Беляев Олег Александрович



3. Жумадилов Асылбек Сайлауханович




4. Орсаринов Кайырды Абуевич



5. Донцова Евгения Андреевна




6. Мухтаров Данияр Маратұлы




7. Нагавицин Григорий Николаевич




8. Еrsaинов Асет Еrsaинович



9. Макаренко Елена Васильевна



10. Таранцева Олеся Борисовна



11. Ардалионова Юлия Петровна

